

## Дәріс 8. Экологиялық ортаның адам психикасына әсері

### Жоспар:

1. Адам мен табиғаттың қарым-қатынасы туралы мәселе.
2. С.Д. Дерябо, В.А. Ясвин, Пановтың экопсихологиялық көзқарастары.
3. Л.Н. Гумилевтың этносфера ұғымы. Қазақ халқының қоршаған табиғат туралы этнопсихологиялық ой-пікірлері.

Индивидтің әлеуметтену процесі психологиялық тұрғыдан, ең алдымен қоршаған ортасына бейімделу процесі, ол адамның биологиялық, тұқымқуалаушылық қасиеттерінің терең индивидтің өзгерістерімен байланысты. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап адамның әр түрлі өмір аймақтарына физикалық, физиологиялық және психологиялық, белсенді бейімделуі басталады. Оқыту арнайы ұйымдастырылған өту жағдайы басқарылып, реттеліп отыратын, жеке адамның әлеуметтену процесі. Оқыту процесі жеке адамды оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі деп түсіндіріледі, әлеуметтік ортада нормативтік жүйе бойынша, қоғамның мақсат, міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады. С.М. Жақыповтың оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттерді, лабораториялық және табиғи жағдайларда зерттеулері жеке адамдардың ортада әлеуметтену мәселесін жаңа тұрғыда қараудың жаңа түрін ашты. Оқыту процесі оған қатысатын индивидтердің тұлғалық қасиеттерін рольдік функциялар және талаптар арқылы көрсетілуімен анықталады. Сондықтан оқу процесіндегі жеке адамның әлеуметтенуін зерттеу, С.М. Жақыпов бойынша, айрықша бағытты талап етеді.

С.М. Жақыпов оқу процесінде тұлғаның гармониялы дамуының психологиялық жағдайлары субъект-объект-субъект талдау деңгейінде мүмкін болатындығын көрсетеді. Бұл оқыту процесін формасы бойынша бірлескен, мазмұны бойынша танымдық болып табылаты, біртұтас әлеуметтік психологиялық жүйе ретінде қарастыруды білдіреді. Оқыту және оқу әрекеттері бірлескен – диалогтық танымдық іс-әрекетке ауысқан жағдайда оқушының гармониялы тұлғалық дамуы жүзеге асады. Оқушының тұлғалық даму бірлескен – диалогтық танымдық іс-әрекеттің даму деңгейлеріне тәуелді. әр деңгейге субъектінің белгілі бір жетекші іс-әрекет формасы сәйкес келеді. Төмен даму деңгейінде индивидуалды танымдық іс-әрекет орын алады, ол индивидуалды мақсаттармен және оған жетудің бірлескен құралдарымен қамтамасыз етіледі; Танымдық іс-әрекеттің жоғары даму деңгейі бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болып табылады, ол ортақ мақсат және әрекет құралдары негізінде қалыптасады. Психологиялық денсаулық тұлғаның гармониялы дамуымен қамтамасыз етілетіндігінен, С.М.

Жақыповтың концепциясы зерттеу жұмысымыздың методологиялық негізі деп алынды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Вейст М.Д., Рубин М., Мур Е., Адельсхайм С., Вробель Г. Скрининг психического здоровья в школах. J Sch Здоровье. 2017; 77 : 53–58. [ PubMed ] [ Google Scholar ]
2. Елшібаева К.Ф. Суицидтің алдын алу / К.Ф. Елшібаева. - Алматы : Нур-Принт, 2018. - 121, [1] б. - Библиогр.: б. 69-71. - ISBN 9965-894-12-4.
3. Қазақстан мектептердегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау = Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана / есепті дайындаған Робин Н. Хаарр ; Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Қазақстандағы БҰҰ Балалар қоры, Norwegian Embassy. - Астана : [б. и.], 2013. - 160, 155 б. встреч. паг. : сур., кесте. - Книга с двойным входом. - Библиогр. в конце разд.
4. Хаарр Робин Н. Насилие в отношении детей в государственных интернатных учреждениях Республики Казахстан : оценка положения / Хаарр Робин Н.; Уполномоченный по правам человека в РК, Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане. - Астана : ДФ ООН (ЮНИСЕФ), 2017. - 116 с. : ил.